

Құрметті рецензент!
Редакцияға рецензия беру үшін осы нұсқаулықпен танысып, ұсыныстарын орындауыңызды сұраймыз.

Тіркелу және кіру

Интернет браузерінде <http://journal.tarsu.kz> мекен-жайын теріп, сол бойынша өтіңіз. Платформаның басты беті ашылады.



Бұдан әрі парақшаның жоғарғы оң жақ шетінде орналасқан «Тіркелу» жазбасын басып, тіркеуден өтіңіз. Қажетті ұяшықтарды толтырыңыз. Статусқа «Рецензент» деген нұсқаны белгілеңіз. Тіркеуді растаңыз.



Тіркелу кезінде көрсеткен электрондық поштаңызға хабарлама келіп түседі. Оны ашып, сілтеме бойынша өтіңіз. Енді сіздің есептік жазбаңыз расталып, жұмыс жасауға дайын.

Ары қарай авторизациядан өтіңіз. Ол үшін «Кіру» жазбасын басып, өз логиніңіз бен құпия сөзіңізді теріңіз. Нәтижесінде мақала ұсынуға арналған негізгі парақшаға өтетін боласыз.



Егер сіз құпия сөзіңізді ұмытып қалған болсаңыз, жаңа құпия сөз алуға мүмкіндік бар. Ол үшін жаңа құпия сөз келіп түсетін электрондық поштаңыздың мекен-жайын көрсетуіңіз қажет.

Рецензия жіберу

Редакцияға өзіңіз дайындаған рецензияны жіберу үшін «Модератор» батырмасын басыңыз.

Модератор ретінде келесі жауапты тұлғалар бекітілген:

- Акмарал Султаналиева – «Dulaty University Хабаршысы» журналы бойынша;

- Ерлан Атенов – «Механика және технологиялар» журналы бойынша.

Модератор аты-жөнінің жанында «Хабарлама жіберу» батырмасын басыңыз. Ашылған ұяшыққа, қажет болса, хабарлама мәтінін терсеңіз болады. Рецензия файлын тіркеп, «Жіберу» батырмасын басыңыз. Осымен редакцияға рецензия жіберу жұмысы аяқталады.

The image is a screenshot of a web form for submitting a review. At the top, it shows the name and email of the user: 'Ақмарал Султаналиева - Модератор журналы «Вестник Dulaty University» (akma_sultan_84@mail.ru)'. Below this is a large text area labeled 'Сообщение' (Message). At the bottom of the form, there is a file selection button labeled 'Выберите файл' (Choose file) and a status indicator 'Файл не выбран' (File not selected). A green button labeled 'ОТПРАВИТЬ' (SEND) is located at the bottom right of the form.